

Бошпанова Ж.

Ғылыми жетекшісі: Рахимберлина А. К., аға оқытушысы

(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР МЕН ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ

Табиғатпен оның байлықтары адамдардың өмірі мен қызметінің, олардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы әл-қуатын арттырудың негізі болып саналады. Сондықтан, қоршаған ортаны қорғау проблемасы қазіргі заманның маңызды мәселелерінің бірі. Қазақстан аумағында жүргізілген зерттеулер көрсеткеніндей, біздің азаматтардың денсаулығына кері әсер ететін ең зиянды факторлардың арасынан ерекше алаңдататыны экологиялық фактор (42,1 пайыз) болып отыр¹.

Елбасымыздың тікелей қолдауымен бұл бағыттағы мәселелерді шешуге аса көңіл бөлінуде. Оның бірден — бір белгісі ретінде 2003 жылдың 3 желтоқсанында Президенттің Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын атап өтуге болады². Бұл тұжырымдама қабылданғаннан бастап көптеген маңызды өзгерістер болып жатыр. Қоршаған ортаны қорғау заңдылықтар негізі құрылды. Бірқатар халықаралық келісімдерге қол қойылды.

Табиғатты қорғау мәселесі бүкіл дүниежүзілік проблемаға айналуға айналуда. Экологиялық мәселе дегенде ең алдымен Арал, Балқаш, Каспий, Семей қасіреттері еске түседі. Мемлекетіміздің экологиялық қатынастарды реттеуге қабілеттілік таныта алатын құқықтық қоры белгілі деңгейде қалыптасқан. Әсіресе, солардың ішінде «ҚР Экологиялық кодексі», «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» және басқа да бірқатар заңдардың мәні зор. Елімізде экологиялық қауіпсіздікті және тұрақты экономикалық дамуымызды қамтамасыз ету мақсатымен, жоғарыда аталған 2003 жылдың 3 желтоқсанында Президенттің Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған «Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы» жарияланды.

Қазақстан мемлекеті бірнеше халықаралық шарттар мен келісімдерге қол қойған, экологиялық проблемаларды шешудің халықаралық деңгейдегі ұсыныстарына ие субъект. «Бүгіндері Қазақстан көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі болып табылады. Біз экологиялық қауіпсіздік проблемалары жөніндегі негізгі келісімдерге қосылдық. Азия-Тынық мұхиты аймағында біздің ел Шанхай ынтымақтастығы ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары секілді ұйымдардың аясында табысты қарым-қатынастар орнатуда».

Қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдауда қоғамдық ұйымдардың қатысуы, ақпараттар алуға және әділсотқа қол жеткізілуі туралы Орхусс конвенциясын 23-қазан 2000 жылы Қазақстан Республикасымен ратификацияланып, барлық қатысушы тараптар үшін 30-қазан 2001 жылы күшіне енді³. Бұл Конвенция экология саласындағы үлкен қадам. Себебі, 10 Рио-де-Жанейро деларациясы қағидасының толық ашылғандығының

көрінісі. Бұл қағидаға сәйкес, экологиялық мәселелерді шешуде азаматтардың қатысуы мен ақпараттарға қол жетімділігі анықталған.

Бірақ, дегенмен де бұл Орхусс конвенциясының нормаларының тәжірибеде сақталмайтындығын біз атап өтуіміз қажет. Мысалы, Экологиялық қоғамдардың ақпараттарды бермеу туралы талап арыздарынан көруге болады. 3-сәуір 2007-жылы Экологиялық қоғам Қарағанды қаласының Арнайы ауданаралық экономикалық сотына, бұдан кейін аталған қаладағы Қазыбек би атындағы аудандық сотқа талап арыз берген. Талап арыз Қарағанды облысы Статистиканы Басқару басшысымен «Жасыл сақтық» Экологиялық қоғамына «Миттал Стил Темиртау» АҚ-н атмосфераға зарарлы заттардың шығарылуы туралы ақпарат бермеуімен байланысты. 23-шілдеде Қазібек би аудандық соты талап арызда қанағаттандырусыз қалдырды. Апелляциялық тәртіпте шешімге шағым берілмеген.

15 қазанда Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер бойынша алқасы қадағалау өндірісін қозғаудан бас тартты. 6-желтоқсанда Жоғарғы Соттың азаматтық істер бойынша алқасы қадағалау өндірісін қозғаудан бас тартты. Төрт ай өткеннен кейін, Жоғарғы Сот аналогиялық іс бойынша қарама-қайшы шешім қабылдады⁴.

Аталған жағдайларды ескерсек, соттар істерді қарау кезінде Орхусс Конвенциясының талаптарына сәйкес шешім шығармайды. Қазақстан Республикасының Конституциясының 4-бабының 3-тармағына сәйкес: Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады.

Мұндай даулы мәселелер қазіргі таңда да бар. 2008 жылы 25-наурыз айында Жоғарғы Сот қаулысымен Орхусс конвенцияларының ережелері міндетті сипатқа ие деп танылды. Қарағанды облыстық сотында 10-ақпан 2012 жылы өткізілген «Орхус конвенциясы мен ұлттық заңнаманың ережелерін сақтау мәселелері бойынша» семинар-тренингтегі «Жаңа экологиялық қауіпсіз технологиялар орталығы» өкілінің мәліметтеріне сүйенсек, әлі де ақпараттар берілмеу мәселесі шешімін таппаған.

Қазақстан Республикасында қабылданған экология саласындағы Заңдардың негізгі міндеті қоршаған ортаны қорғауда қоғам мен табиғаттың қарым-қатынасын реттеу, табиғи ресурстарды өндіру және тиімді пайдалануда заңдылықты және құқық қорғау тәртібін күшейту болып табылады.

Республикамызда экологиялық проблемаларды мемлекеттік реттеуде осы аса маңызды Заңдар бұлжытпай басшылыққа алынып, орындалуы тиіс.

Жоғарыда аталған мәселелерден келесі тұжырымдарды пайымдауға болады: экологиялық ақпараттарды алу мен осы мәселелерге қатысты шешім қабылдау үрдісінде қоғамдық ұйымдардың қатысуы формальді. Қоғамдық ұйымдармен ой айтылады, бірақ есепке алынбайды. Экологиялық қоғамдардың тәжірибесінде Орхусс конвенциясының талаптарына сәйкес шешім қабылдау үрдісіне қатысқандықтарының бір де бір мысалы жоқ.

¹ *Кажымуратова А.* Влияние экологического фактора на уровень жизни населения в Республике Казахстан // Саясат-Policy. — 2002. — № 7.

² Қазақстан Республикасы Президентінің «2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік туралы» тұжырымдамасы // www.president.kz

³ [http // www.aarhus.kz](http://www.aarhus.kz)

⁴ [http // www.greensalvation.org](http://www.greensalvation.org)